

**NASEC**

НАЦИОНАЛЬНЫЙ АГРАРНЫЙ  
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АУЫШ АРУАШЫЛЫҒЫ  
МИНИСТРЛІГІ



Ы.ЖАҚАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ  
КҮРІШ АРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМИ  
ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ



ҚЫЗЫЛОРДА БІЛІМ ТАРАТУ ОРТАЛЫҒЫ  
ЦЕНТР РАСПРОСТРАНЕНИЯ ЗНАНИЙ

## ЖҮРГІЗІЛГЕН КЕҢЕСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

тақырыбы: «Күріш тұқымын сақтау кезінде өнгіштік пен сорттық  
тазалықты қамтамасыз ету»  
«Өсімдік шаруашылығы, дәнді, майлы және малазықтық дақылдар»  
бағыты бойынша

Өткізу күні: «29» қараша 2025 жыл

Кеңес беру өткізілген орын: Қызылорда облысы Жалағаш ауданы,  
Мәдениет ауылы, «Айнаш» ШҚ

Эксперт:

  
(қолы)

Жалбыров А.Е.

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ-ның  
Басқарма Төрағасы



Тәуіпбаев С.Т.

(қолы), М.О.

## ЕСЕПТИҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

### **Күріш тұқымын сақтау кезінде өнгіштік пен сорттық тазалықты қамтамасыз ету**

#### *1) Кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері*

Күріш тұқымын сақтау барысында оның өнгіштігін, тіршілік қабілетін, сорттық және репродукциялық тазалығын ұзақ мерзімге сақтау үшін қандай негізгі талаптар мен технологиялық шараларды сақтау қажет?

#### *2) Ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже*

Күріш тұқымын тиімді сақтау ғылыми және тәжірибелік талаптарды қатаң сақтауды қажет етеді. Ең алдымен, тұқымның ылғалдылығы 13–14 %-тен аспауы тиіс, себебі ылғалдың артуы тыныс алу процесін күшейтіп, зерт саңырауқұлақтарының дамуына және өнгіштіктің төмендеуіне әкеледі. Сақтау температурасы +5...+10 °С деңгейінде болып, «температура мен ылғалдылықтың қосындысы» 50-ден аспауы қажет.

Тұқым тыныс алатындықтан, қоймада тұрақты ауа алмасу (аэрация) қамтамасыз етілуі тиіс. Сақтауға тек толық піскен, механикалық зақымданбаған, аурулар мен зиянкестерден таза тұқым жіберіледі. Арамшөп тұқымдары мен сынған дәндердің араласуы сақтау тұрақтылығын төмендетеді.

Сорттық және репродукциялық тазалықты сақтау үшін әр сорт пен репродукция жеке сақталып, егістік апробациясы, кеңістіктік оқшаулау, грунттық бақылау, зертханалық сорттық сынақтар және тұқымды механикалық тазалау жүргізілуі қажет. Репродукция төмендеген сайын сорттық қасиеттер әлсірейтіндіктен, тұқымды уақтылы элитамен жаңарту маңызды.

#### *3) Қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары*

Күріш тұқымын сақтау кезінде ылғалдылық, температура, желдету, қойма тазалығы және тұқым сапасына қойылатын талаптарды қатаң сақтау, сондай-ақ сорттық және репродукциялық тазалықты қамтамасыз ететін агротехникалық, ұйымдастырушылық және зертханалық шараларды жүйелі түрде қолдану арқылы тұқымның өнгіштігін 2–3 жыл, ал оңтайлы жағдайда 4–5 жылға дейін сақтап, жоғары әрі тұрақты өнім алуға толық мүмкіндік туады.

4) Фотосуреттер

